*Қосымша 1.18*

**Техникалық сипаттама**
**(ЛОТ №18)**

<table>
<tr><th>№</th><th>Атауы</th><th>Сипаттамасы</th><th>Саны</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Электрондық тамшуыр</td><td>Зертханалық жағдайларда сұйықтықтарды дәл және тиімді пипеткалау мен диспенсациялауға арналған, интуитивті басқару жүйесі мен эргономикалық дизайны бар электронды пипетка-дозатор.<br><br>Негізгі ерекшеліктері:<br>Интуитивті басқару мәзірі:<br>Барлық операциялар тікелей басқару панелінен таңдалады<br>Таңдалған функциялар дисплейде көрсетіледі<br>Ішкі мәзірлерсіз қарапайым басқару<br>Эргономикалық құрылым:<br>Салмағы: шамамен 190 г<br>Қолдың табиғи орналасуына бейімделген<br>Жарықтықты реттеуге болатын түрлі-түсті дисплей<br>Функционалдық режимдер:<br>Автоматты диспенсациялау<br>Қолмен диспенсациялау<br>Араластыру (1–99 цикл)<br>Түрлі тұтқырлықтағы сұйықтықтар үшін 3 деңгейлі реттеу<br>Сору және диспенсациялаудың 8 жылдамдығы<br>Құрылымдық ерекшеліктері:<br>Автоклавта стерилизациялауға болатын ұштық адаптері<br>Қайта зарядталатын аккумулятор<br>Зарядтау құрылғысы жеткізілім құрамына кіреді<br><br>Көлемдік сипаттамалары:
<table>
<tr><th>Көлем диапазоны</th><th>Тексеру көлемі</th><th>Жүйелі қателік</th><th>Кездейсоқ қателік</th></tr>
<tr><td>15–300 мкл</td><td>30 мкл</td><td>±2,5 % (±0,75 мкл)</td><td>±0,7 % (±0,21 мкл)</td></tr>
<tr><td></td><td>150 мкл</td><td>±1,0 % (±1,5 мкл)</td><td>±0,3 % (±0,45 мкл)</td></tr>
<tr><td></td><td>300 мкл</td><td>±0,6 % (±1,8 мкл)</td><td>±0,2 % (±0,6 мкл)</td></tr>
</table>
Басқару батырмасының түсі: қызғылт сары немесе баламасы<br>Ұштықтармен үйлесімділігі: 300 мкл стандартты ұштықтар</td><td>1</td></tr>
<tr><td></td><td>Барлығы</td><td></td><td>1</td></tr>
</table>

**Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры** **А.Ошибаева**

**Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы** **А.Айымбетова**

**ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауардың құнына қажет болған жағдайда монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқыту да енгізілуі тиіс

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

**Төлем шарттары:** алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.